

**«Қаражон» шағын жинақталған жалпы орта мектеп» КММ-сі  
Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің отырысы**

**Хаттамасы**

**I отырыс**

Өтілген мерзімі: 29.08.2022 жыл

Барлығы : 15

Қатысқаны : 15

Қатыспағаны : 0

**Күн тәртібінде:**

1. Сынып жетекшілерге және жас мамандарға тәлімгерлерді бекіту, тәрбие журналын тарату.
2. Жыл бойына өткізілетін мерекелік және ашық тәрбие сағаттарын талдау, бекіту.
3. Сынып жетекшілер портфолиясын өз деңгейінде орындау.

**Тыңдалды:**

Күн тәртібінің бірінші мәселе бойынша директордың ісі жөніндегі орынбасары Т.Үсенов «Сынып сағатын дайындау мен өткізу технологиясы» тәжірибелік жұмыс өткізіп, постер арқылы сынып жетекшілердің тәжірибелік жұмыстарын жинақтады. Сынып тәрбие журналын толтыру нұсқаулығын таныстырып өтті. Сонымен қатар, 2021-2022 оқу жылындағы сынып жетекшілердің атқарған жұмыстарын қорытындылады.


Екінші мәселе бойынша 1-11 сыныптардың 8 бағыт бойынша 36,37 сағатқа жоспарланған тәрбие сағаттарының тақырыптары талқыланып, түзетулер енгізілді. Жыл бойына өткізілетін мерекелік және ашық тәрбие сағаттарын талдап, жауапты сынып жетекшілері бекітілді.


Үшінші мәселе бойынша «Сынып жетекшілер портфолиясының» өз деңгейінде жасалуы талқыланып, келісім шарттар мен оқушылардың мәліметтерін, жеткен жетістіктерін, сынып жетекшілер портфолиясына қойылатын талаптар мен міндеттер орындалуы жүктелді.

Сынып жетекшілер отырысының шешімі жасалып, ұсыныстар берілді.

**Шешім:**

1. Сынып жетекшілер отырысында қаралған мәселелер «қанағаттанарлық» деп танылсын.
2. Мектеп оқушыларымен сынып жетекшілерінің оқу – тәрбие жұмыстары күшейтілсін.

Сынып жетекшілері ӘБ жетекшісі:  К. Аяпов

Хатшы:  А. Қанымбаева

«Қаражон» шағын жинақталған жалпы орта мектеп» КММ-сі  
Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің отырысы  
Хаттамасы

II отырыс

Өтілген мерзімі: 07.11.2022 жыл

Барлығы : 15

Қатысқаны : 15

Қатыспағаны : 0

**Күн тәртібінде:**

1. Өзара сабаққа енуді ұйымдастыру, сабақтың өтілу жобасын талқылау.
2. Жас сынып жетекшілердің жұмысын талдау.
3. Сыныпта тәрбиесінде қиындық тудыратын оқушылармен жүргізілетін жұмыс нәтижесі.
4. Әр түрлі мәселелер


Күн тәртібіндегі бірінші мәселе ӘБ жетекшісі К. Аяпов жас сынып жетекшілердің тәжірибелі сынып жетекшілердің тәрбие сағатына енуі ұйымдастырылып, жыл сайынғы жоспарға сәйкес, әр жас маман тәлімгерімен қоса 3 сынып жетекшінің сабағына енді. Сабақтың өтілу жобасымен танысты.


Екінші мәселе жас сынып жетекшілер сынып оқушыларының жетістіктері мен отбасы жағдайын, үлгерімі бойынша мәліметтер берді, қиындық тудырып жатқан мәселелерін ортаға салып, әдістемелік қолдау алды.

Үшінші мәселе бойынша мектепте кейбір оқушылардың оқу мен тәрбие барысында бірнеше қиындықтар пайда болуына байланысты мектепте оқушыларды қайта бейімдеу бойынша жұмыстар жүргізу керектігі айтылды. Оқу - тәрбие процесін қалыпқа келтіру үшін жұмыстар күшейту керектігі айтып өтті.

**Шешім:**

1. Жас сынып жетекшілердің жұмысы мен Сынып жетекшілердің өзара сабаққа енуі, әдіс алмасуы «қанағаттанарлық» деп танылсын.
2. Сыныпта тәрбиесінде қиындық тудыратын оқушылармен жүргізілетін жұмыс нәтижесі күшейтілсін.

Сынып жетекшілері ӘБ жетекшісі:  К. Аяпов

Хатшы:  А. Қанымбаева

**«Қаражон» шағын жинақталған жалпы орта мектеп» КММ-сі  
Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің отырысы  
Хаттамасы**

**III отырыс**

Өтілген мерзімі: 5.01.2023 жыл

Барлығы : 15

Қатысқаны : 15

Қатыспағаны : 0

**Күн тәртібінде:**

1. I жарты жылдық қорытындысы
2. Оқушылардың тәртібі және олармен жұмыс.
3. Дарынды оқушылармен жүргізілген жұмыстың нәтижесі.
4. Әр түрлі мәселелер


Бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Т.Үсенов I жарты жылдықта өткізілген тәрбиелік іс-шаралардың орындалуы бойынша қысқаша шолу жасады. II жарты жылдықта жоспарланған іс-шараларды сынып жетекшілерге таныстырылды.


Екінші мәселе бойынша «Рухани адамгершілікке тәрбиелеу басты мақсат» «Мектептегі қиын бала» тақырыбында 10 - сынып жетекшісі Ш.Темірхановтың баяндамасы тыңдалды.

Үшінші мәселе бойынша сынып жетекшілер дарынды оқушылармен жүргізілген жұмыстың нәтижесі сынып оқушыларының жетістіктері мен отбасы жағдайын, үлгерімі бойынша мәліметтер берді.

**Шешім:**

1. 2022-2023 оқу жылының I жарты жылдығында атқарылған жұмыстар қорытындысы «қанағаттанарлық» деп танылсын.
2. Сынып жетекшілері жоспар бойынша белгіленген іс-шараларды уақытылы және сапалы, жауапкершілікпен өткізсін.
3. Оқушылардың тәрбиелік жұмыстарға белсенді қатысуын сынып жетекшілер бақылауға алсын.

Сынып жетекшілері ӘБ жетекшісі:  К. Аяпов

Хатшы:  А. Қанымбаева

Scanned by TapScanner

Scanned by TapScanner

Scanned by TapScanner

**«Қаражон» шағын жинақталған жалпы орта мектеп» КММ-сі**  
**Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің отырысы**  
**Хаттамасы**

**IV отырыс**

Өтілген мерзімі: 26.03.2023 жыл

Барлығы : 15

Қатысқаны : 15

Қатыспағаны : 1(себепті)

**Күн тәртібінде:**


1. Мектептегі түрлі мерекелік іс-шараларға қатысқан көркемөнерпаздарды, ерекше атсалысқан сыныптардың рейтингісін талдау.
2. Қадағалауды қажет ететін, қиынға бейім оқушылармен жүргізілген жұмыстың нәтижесі.
3. Әр түрлі мәселелер.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Т.Үсенов аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен өткізілген аудандық, аймақтық көркемөнерпаздар байқауына, өнер фестиваліне мектебіміздің оқушылары белсене қатысып, өз өнерлерін жақсы деңгейде көрсете білді. «Мақтау қағаздарымен», «Алғыс хаттармен» бірқатар оқушыларымыз марапатталды. Мектебімізден би топтары, жеке эстрадалық әнші оқушыларымыздың өсу деңгейі қуантарлық жағдай екенін айтып өтті. Жетекші ұстаздарына алғыс білдірді.

8-сынып жетекшісі Н. Саргелтаев «Қадағалауды қажет ететін оқушы» тақырыбындағы баяндамасында тәртібі қиын оқушыларды тәрбиелеу және оқыту қазіргі таңдағы әлеуметтік-педагогикалық пролема ретінде күн тәртібінен түспей отырғаны мәлім. Мұның өзі «қиын оқушылар» санының жылдан жылға өсіп отыруымен байланысты болып табылады. Бір уақыттарда «қиын оқушыларға» көбінесе жасөспірімдер жатқызылса, бүгінгі таңда бастауыш сынып оқушыларының да арасында да осы категорияға жататындар аз емес. Сондықтан «қиын оқушыларды» ерте жастан - бастауыш мектеп кезеңінен бастап қолға алып, оларды сапалы білім мен саналы тәрбие алуларына мүмкіндік жасалуы қажет. «Тәртібі қиын оқушыларды» тәрбиелеу жүйесінде адамгершілік тәрбиесі аса маңызды орынға ие болады. Мораль нормаларына жауап беретін айналадағы болмысқа жеке адам көзқарастарының сан-салалығын ескере келгенде, адамгершілік тәрбиенің жеке тұлғаны қалыптастырудағы рөлі өте зор.

**Шешім:**

1. Сынып жетекшілер отырысында қаралған мәселелер, атқарылған жұмыстар қорытындысы «қанағаттанарлық» деп танылсын.
2. Қадағалауды қажет ететін, қиынға бейім оқушылармен жұмыс жүргізу, үнемі назарда ұстау сынып жетекшілерге жауапкершілікпен жүктелсін.

Сынып жетекшілері ӘБ жетекшісі:  К. Аяпов

Хатшы:  А. Қанымбаева

**«Қаражон» шағын жинақталған жалпы орта мектеп» КММ-сі  
Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің отырысы**

**Хаттамасы**

**V отырыс**

Өтілген мерзімі: 30.05.2023 жыл

Барлығы : 15

Қатысқаны : 15

Қатыспағаны : 0

**Күн тәртібінде:**

1. Жыл бойы өткізілген ашық тәрбие сағаттарының қорытындысы.
2. Сынып жетекшілерінің ата-аналармен байланысының нәтижесінің мәліметі.
3. Сынып жетекшілердің жыл бойы жүргізілген жұмысының нәтижесін қорытындылау.
4. Әр түрлі мәселелер.

Бірінші мәселе бойынша Т. Үсенов мектебімізде оқумен бірге тәрбие жұмыстары алға қойылғанын, осы мақсатта оқу жылының басында тәрбие жұмысының жоспары бекітілгенін айтып өтті. Алдымызға қойған мақсатымыз оқушыларды патриоттық рухта тәрбиелеп шығару. Нәтижеге бағдарланған көп мәдениетті, көп тілді, ізденімпаз, бәскеге бейім, күзіретті тұлғаны қалыптастыру. Оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігінің бекіткен Тәрбиенің кешенді бағдарламасының негізгі бағыттары бойынша жұмыс істеді.

Тәрбие жұмысының жоспарында белгілі, атаулы даталар ескерілген. Сонымен қатар кітапхана қызметкерінің; дене шынықтыру, педагог психологтың, әлеуметтік педагогтың т.б. жұмыс жоспарлары ұсынылды. Мектептегі өткізілген тәрбиелік іс-шараларды сараптау барысында атқарылған жұмыстар жоспарға негізделі отырып жүргізіледі. Тәрбиелік іс-шаралардың бір бөлігі қоршаған ортаны қорғауға яғни өз елінің, өзінің туып өскен өлкесінің табиғатын аялауға сондай-ақ оның гүлденіп құлпыруына үлес қосуға бейімдеуге бағытталған. Оқушыларға салауатты өмір салтын ұстануға, жеке басының және айналасындағы адамдардың қауіпсіздігін сақтай білуге машықтандырады. Осы бағытта тұрақты түрде балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында балалармен өзін-өзі қорғау, бейтаныс адамдармен әңгімелесулер, рухани құндылықтар мен бастаулар және «Адам және табиғат», «Тазалық – денсаулық кепілі», «Нашақорлық – қылмысқа апатарын себептердің бірі» тәрбие сағаттары жүргізілді. Аталған іс-шаралар әлеуметтік педагог,

мектеп медбикесі, педагог-психологпен, учаскелік инспектормен біріктірілген жоспар негізінде жүзеге асырылды.


Сонымен қатар оқушыларды ҚР-ның заңдарына, Конституция мен құқықтық тәртіптілікке құрметпен қарауға, сыйлауға тәрбиелеуге назар аударылды. Оның айғағы ретінде бастауыш сыныптарда заман «Заңды білу заман талабы», жоғарғы сыныптарда «Құқықтық сауаттылық заман талабы», «Балам бол, басқа бол – бәріне заң біреу ақ», «Өз құқығыңды білесің бе?», «Заңды білген жөн» сынып сағаты, «Бала және заң», «Біз мектеп тәртібін білеміз бе?» дөңгелек үстел қатарлы іс-шаралардың өткізілуі дәлел бола алады.

Екінші мәселе турасында да Т.Үсенов ата-аналар комитеті сынып жетекшілері әдістемелік бірлестігі, балалар қоғамдық ұйымдарының қызметі туралы ережелер құрылғанын айтты. Тәрбие жұмысы бағытындағы барлық құжаттар жүргізілетін іс номенклатурасы бар.

Үшінші мәселе Т.Үсенов мектебіміздің сынып жетекшілері Білім ұйымының ағымдағы оқу жылы бойынша тәрбие жұмысының жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 16.09.2021 жылғы № 472 бұйрығымен бекітілген «Тәрбиенің тұжырымдамасымен» бойынша негізгі сегіз бағытта құрылған тақырыптармен тәрбие сағаттарын, ашық тәрбие және іс шаралар жоспарлы түрде өтті.

#### Шешім:

1. 2022-2023 оқу жылында жыл бойы өткізілген ашық тәрбие сағаттарының қорытындысы «қанағаттанарлық» деп танылсын.
2. Сынып жетекшілерінің ата-аналармен байланысыны күшейтілсін.
3. Сынып жетекшілердің жыл бойы жүргізген жұмыстарының нәтижесін «қанағаттанарлық» деп танылсын.

Сынып жетекшілері ӘБ жетекшісі:  К. Аяпов

Хатшы:  А. Қанымбаева